

Бұйрық

2022 ж. « 1 » қыркүйек

№ 118

**2022-2023 жылына арналған тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

«Білім туралы» ҚР Заңының, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.31.10 №598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз ету негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Х.Темирбаева, әлеуметтік педагог Б.Т.Айтжан, бас бухгалтер М.Б.Унгарова 2022 жылғы 2 қыркүйектен бастап мектеп оқушыларын ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын.  
Әлеуметтік қорғалмаған санаттан шыққан оқушыларды тегін және жеңілдетілген тамақтандыру бойынша мемлекеттік қызметтің сапалы көрсетілуін қамтамасыз етсін.
2. Оқу жылының басында ата-аналар қоғамы мен мектеп әкімшілігі қатарынан бракераждық комиссия құрылсын, ол дайын және шикі өнімнің сапасын бақылайды, асханада санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды.
3. 2022-2023 оқу жылы мектеп бойынша тамақтандыруды ұйымдастыруға әлеуметтік педагог Б.Т.Айтжан жауапты етіп тағайындалсын.
4. Медициналық жұмыскер Г.Абилова мен тамақтандыруға жауапты тұлға оқушыларды тамақтандыру кестесін әзірлесін, оқу жылы бойы бекітілген апталық мәзір мен перспективалық мәзірі болсын, СанЕк талаптарына сәйкес бракераждық журналдарды, денсаулық журналдары жүргізілсін.
5. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Қ.С.Утеғалиев пен медициналық қызметкер ас блогындағы жабдықтың тізімін жасасын, санитариялық нормаларды қатаң сақтасын, жыл бойы мектеп бойынша су ішу режимін сақтасын, қажет кезде емдәмдік үстелді ұйымдастырсын.
6. Бағдарламалық қамтыу маманы А.Урахаева мектеп сайтында «Мектепте тамақтандыру» айдарын ашсын және мектепте тамақтануды ұйымдастыру бойынша ақпаратты, мәзірді, бракераждық комиссия құрамын және т.б орналастыруды қамтамасыз етсін.
7. Әкімшілік пен педагогтардың асханадағы кезекшілік кестесін бекітсін.
8. Асхана меңгерушісінде сәйкес құжаттар мен тәуліктік сынамалар болуы тиіс, ас блогы мен ас ішу залында санитариялық нормаларды қатаң сақтасын.
9. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.



Б.С.Тлекенова